

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития

Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ZVQU1141>

***Ұ. К. Исабекова¹, Г. К. Шахажанова¹,
Ж. М. Қоңыратбаева², А. Х. Ерімбетова³, А. С. Қуанышев¹**

¹Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

³Гази университеті, Түркия Республикасы, Анкара қ.

*e-mail: isabekovauldar@mail.ru

ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРДЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ҚАЗАҚ МАҚАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІ

Мақала қазақ паремиологиялық қордың дамуын кешенді туркология бағытында және пәнаралық зерттеуге арналады. Қазақ тілінде концепт ретінде қарастырылмаған табиғаты әлі толық ашылмаған «қарға» орнитонимінің паремияларға тірек сөз болуының уәждемесі сараланады, тілдік материалдар ретроспективті әдіс бойынша қазіргі кезеңдегі қолданыс ерекшеліктері көне және орта түркі жазба ескерткіштері мәтіндерімен дәйектеледі. Қазақ халқының мифтік-салттық кешені әлем мәдениетінің тоғысында сарапталып беріледі. Сонымен қатар қазақ дүниетанымымен байланыстырылып, әлем мәдениетімен сабақтастығы ағартушылық дәстүр аясында талданады. Әлем, оның ішінде түркі мақал-мәтелдерін тіларалық салыстыру және тарихи-этимологиялық талдау, мақал-мәтелдерді лингвистикалық зерттеу мен лексикографиялық-графикалық түсіндірудің басым бағыттарының бірі – оларды тіларалық салыстыру және бастапқы көзін іздеу болып табылады. Біршама маңызды зерттеулердің барлығына қарамастан, түркі мақал-мәтелдерін салыстырмалы және тарихи-этимологиялық талдаған іргелі зерттеулер жасалмады. Бұл мәселе славян мақал-мәтелдерін зерттеген еңбектерде кездеседі. Аталған

құбылыстың таңбалық маңызы мен функционалды прагматикалық аспектісі де зерделенеді. Мақаланың мақсаты қазақ мақалдарының әлем мәдениетімен байланысын паремиологиялық қордағы «қарға қарғаның көзін шұқымайды» мақалының трансформациясын интерпретациялау арқылы сипаттау.

Кілтті сөздер: паремиологиялық қор, кешенді түркология, фольклор, фразеологиялық бірлік, когнитивтік семантика, «қарға» орнитонимі.

Кіріспе

Қазіргі қоғамның дамуында басқа посткеңестік мемлекеттер сияқты Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы «зердемізді ашып, ұлттық санамызды саралау, ментальдік қасиетіміз бен ғасырлық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең біліп, дүниетанымызды кеңейтуге», ұлттық рухтың оянуына әкелді [1, 5-б.]. Сонымен қатар ұлттық мәдени бірегейлікке деген қызығушылық шыңына жетіп, паремиологиялық қорды зерттеп, зерделеу ерекше маңызға ие болды. Осыған байланысты ғасырлар бойы халықтың ұқыптап сақтап келген «еңбек тәжірибесінің жиыны, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арқасы, өмір-тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан, тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұрасы» фольклордың ең байырғы түрі әрі шағын жанрына жататын паремияны зерттеуге қызығушылық оянды [2, 3-б.]. Халықтың тарихи жадын сақтайтындықтан, оларды қолдану мен зерттеудің аясы кеңейе түсті. Әлемдік ғылыми зерттеулермен бірге қазақ паремиологиясы да дамып келеді. Оның зерттеу тарихындағы алғашқы кезеңдер паремиографиямен байланысты болды. Ежелгі грек ойшылдары Платон мен Аристотельден бастап, араб-ислам мәдениетіндегі әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Руш сынды ғылымдардың еңбектерінде ғылымның маңызды бөлігі ретінде шешендік өнерге ерекше көңіл бөлінгені белгілі. Әл-Фараби риториканы «адам жанымен байланыстыра» отырып, оның поэтикамен қатынасын сенім мен елес арқылы түсіндіруге тырысады [3, 47 б, 374–375-бб.]. Риторика өнерінің туындысы – мақал-мәтелдерді әл-Фараби күллі халықтың ауызша да (сипаты), семантикалық тұрғыдан да қанағаттандыратын өрнегі (байлығы) ретінде қарастырып, оны «адамдардың жақсы көретіні соншалық, қуанғанда да, қайғырғанда да қолданатынын» жазады [4, 79–82-б.]. Әрине, тарихи кезеңдерді егжей-тегжейлі зерттеу – өз алдына бір мәселе. Бұл ізденісімізде сан мыңдаған уақытта қалыптасқан паремиология тарихының межесіне шолу жасап, паремиологиялық қордың трансформациялану ерекшеліктерін «қарға қарғаның көзін шұқымайды» мақалы мысалында көрсетуді мақсат тұттық.

Кешенді түркологияда тіл мен коммуникацияның жаңа аспектісі ретінде паремияларды зерттеу мен жинақтаудың алғашқы жұмыстары орта ғасырдың алғашқы кезеңінде-ақ М. Қашқари тарапынан жүзеге асырылды. Автордың атақты еңбегінде этнография мен фольклордың эмпирикалық материалы ретінде 300-ден астам паремия жинақталып, мағынасы мен прагматикасы танылды. Іле-шала Ж. Баласағұн, Н. Рабғузи, т.б. тарапынан дамытылып, алтынордалық кезеңде Құтыб, әл-Хорезми, С. Сарай, т.б. еңбектерінде нығая түсті. Әрине, бұл жазба ескерткіштерде паремиялардың қолдану мақсаты әртүрлі болғанымен, олар қолданған паремиологиялық минимумдар базалық қордың негізгі бөлігін құрайды. Тіл дамуы барысында осы қор ғылыми ортаға паремиялардың концептуалды негізін талдаумен қатар тілдік табиғатын тануға да мүмкіндік берді. Шынында да, халық даналығының інжу-маржаны болып табылатын мақал-мәтелдер жанры мәдени, әдеби және лингвистикалық дәстүрлердің мұқият сақталуын қажет етеді. Паремиологиялық қорды кешенді зерттеу түркологияда ірі ғылыми бағытқа айналмағанымен, жекелеген тілдер аясында жүзеге асырылып жатқаны бар. Айталық, кеңес жылдары түркітанушы ғалым Ә. Құрышжанов тарихи ескерткіштер мәтінінде кездесетін мәйекті сөз тіркестерін жинақтап, қазақ тілінде ең алғаш рет түзгені белгілі және «жинақта түгел қамтылмағанын» ескертеді [5, 7-б.].

Қазақ паремиографиясының кейінгі өткен ғасыры жемісті кезең болды. Хронологиялық тізімді Ш. Ибрагимовтің жинағы бастады. Ол Ы. Алтынсарин хрестоматиясында пайдаланылған мақал-мәтелдерді (1879) толықтырып, Орынбордан қайта жариялаған (1906). А. Васильев 1500 мақал-мәтелді жинақтаған (1892). Сонымен қатар В. В. Катаринскийдің (Орынбор, 1899), Ф. Герннің (Семей, 1898), А. Е. Алекторов, Ә. Диваевтың (Ташкент, 1927), П. М. Мелиоранскийдің, Н. Н. Пантусовтың және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты.

XX ғасыр басында Алаш зиялыларының тарихи қызметі нәтижесінде бұл саланың жаңа кезеңі басталды. А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінде (Орынбор, 1914; Қызылорда, 1925) 300-ге жуық мақал-мәтелдерді келтірген [6, 139–140-бб.]. 1915 жылы жарық көрген «Мың бір мақал» атты жинағынан кейін А. Баржақсыұлы «мың үш жүз мақал жинап алып едім, һәм соларды ретке келтіріп қойған едім! Қазір де орысшаға тәржіме еткенім» деп Мәскеуде 1923 ж. жариялайды [7, 160-164-бб.]. Ал «қазақтың мақалын 35 мыңға жеткізген» Ә. Тұрманжановтың еңбегі кейінгі барша жинақтарға негіз болып саналады [7, 160–164-бб.].

XX ғасыр басы әлем паремиография үшін де табысты кезең болды. Нәтижесінде сан алуан жинақтар жарық көрді. Кеңес дәуірінде жарияланған «орыс мақал-мәтелдері «Даль шинелінен шыққаны» құпия емес [8, 6–21-бб.].

Бұл өз кезегінде теориялық зерттеулердің дамуына зор мүмкіндік ашып, паремиолог-лингвистердің біршама легін тудырды. Орыс тіл білімінде паремияның мәртебесін, түрін, айырмашылығын және функционалдық тенденцияларын анықтаған, оның синтаксистік, лексикалық, тілдік-элеуметтік, т.б. сипатына қатысты Г. Л. Пермяков, С. Д. Мастепанов, В. В. Мокиенко және т.б. ғалымдардың іргелі зерттеулері белгілі. Ал әлемдік кеңістікте америкалық паремиологтерінің үлесі теңдессіз. Романистер мен германистердің сан алуан зерттеулерін В. Мидер паремиологиялық библиографиясында жинақтап көрсетті [9, 10, 11]. Дегенмен, паремияларды әртүрлі аспектіде қарастыруда «егжей-тегжейлі лингвистикалық, тарихи-этимологиялық зерттеулер мен терең этнографиялық және фольклорлық интерпретациялар жетіспейтіні» белгілі [8, 6-21-66.]. Паремиологияны әр бағытта зерттеудің өзіндік өзекті мәселелері баршылық. Соның бірі – паремиологиялық қор мен минимум мәселесі. Паремиолог-шығыстанушы Г. Л. Пермяковтың көзқарасынша, паремиологиялық минимумға сәйкес жалпы белгілі бір тілдің (немесе ұлттың) «паремиологиялық аясының негізгі ерекшеліктерін толыққанды зерттеуге болады». Паремиологиялық минимум – «тірі фольклор» ғана емес, сонымен қатар ұлттың жанын түсінгісі келетіндерге ұсынылатын ұлттық тілдің метафоралық және экспрессивті қорының тұщымды бөлігі. Туыс емес тілдердегі «фольклорлық, фразеологиялық клишелерді зерттеудің жалпы теориясы мен оларды жүйелеудің бірыңғай әдістемесін жасау» және «паремиялардың логикалық-семантикалық классификацияларын құру» өз кезегінде метатіл идеясына апарды. Зерттеуші Г. Л. Пермяковтың бұл идеялары аз уақыт ішінде бүкіл Еуропаға тарады. Айталық, оған дейін ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер мен идиомалар жиілік көрсеткіштері бойынша жіктелмегендіктен, бірде-бір жиілік идиомалық немесе паремиологиялық сөздік жарық көрмеген. Осы идеяны П. Гржибек чех тілінен және басқалар неміс тілінен (Grzybek, 1991), Д. Шкара мен З. Хейкен П. Гржибек (Grzybek, 1993) хорват тілінен, В. Мидер (Mieder, 1995) және Х. Хаас (Haas, 2008) ағылшын тілінен іздеді. Сомали тілі сияқты экзотикалық славян тілдері үшін де паремиологиялық минимумды қалыптастыруға тырысады.

Г. Л. Пермяков ұсынған паремиологиялық минимум идеясы мен «паремиологиялық эксперименттің» болашағы зор болғанмен, сан алуан қарама-қарсы зерттеулерді тудырып, нәтижесінде сәтсіздікке ұшырады. Дегенмен паремиологиялық қордың қазіргі жағдайы, құрамы, элеуметтік табиғаты т.б. қырларын зерттеулерге жол ашты. Қазақ мақалдарын зерттеуде осы идеяны басшылыққа ала отырып, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің паремиологиялық минимумы *Қарға қарғаның көзін шұқымайды* мақалы негізінде саралап көрдік. Әрине, белгілі бір тілде сөйлейтін индивид үшін

жалпы минимум жоқ екені анық. Тілдік санадағы сөздер жеке қабылдауға, метафоралық және экспрессивті әлеуетке және жеке сөйлеу тәжірибесіне байланысты өзгереді. Адамдар әдетте әлеуметтік мәртебесі мен білім деңгейіне қарамастан, мақал-мәтелдер мен идиомаларды пайдаланады. Бірқатар салыстырмалы мақал-мәтелдер сөздіктерін шығарған Вена паремиографы, қытайлық парсы санскриті А. Пачолай барлық славян тілдерін қоса алғанда 55 тілді қамтитын және араб, парсы, санскрит, Қытай және жапон тілдеріне сәйкес келетін жалпыеуропалық паремиологияның бірегей жинағын жасады. Лингвистикалық әдіснамаға негізделген бұл зерттеулер паремияларды тарихи-этимологиялық талдауда аса пайдалы. Идиомологияда белгілі бір жетістікке қол жеткізілгенімен, паремиологияда фольклорлық-этнографиялық интерпретациялардың аздығына көз жеткіземіз. Бұл пәнаралық зерттеулерді қамтитын күрделі әрі теориялық-әдіснамалық негіздері қалыптасу кезеңдерден өтіп жатқан мәселе. Осыны шешуге септігі тиер деген оймен өз тарапымыздан жүргізілген зерттеулеріміздің бір нәтижесін осы мақалада ұсынамыз. Бұл мақалада кешенді түркологияның бағыттарын атап, саралау, баға беру немесе талқылау сияқты көптеген басқа қырлары қарастырылмайды. Мұнда паремиологиялық минимумды анықтауда олардың трансформациялану мүмкіндігі туралы зерттеулерді кеңейтіп, шағын фольклорлық жанрды әлемдік мәдениетпен байланыстыруға баса назар аударуға тырыстық.

Материалдар және әдіс-тәсілдер

Зерттеу нысанының бағытына байланысты ғылыми-теориялық аспект тұрғысынан Г. Л. Пермяков, В. М. Мокиенко, Ә. Қайдар, В. Мидер және т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі негізгі тұжырымдар мен түйіндер басшылыққа алынды. Сонымен қатар әлемнің тілдік бейнесіндегі универсалияларды зерттеген шетелдік еңбектер (Дж. Марзлуфф, Т. Ангелл, П. Гржибек т.б.) ғылыми ізденісіміздің әдіснамалық базасы болып табылады. Ал зерттеу дереккөзі (эмпирикалық материал) ретінде «қарға қарғаның көзін шұқымайды» мақалының әлем тілдеріндегі нұсқасын ұсынатын лексикографиялық еңбектер талдауға түсті. Мақаланы әзірлеу барысында зерттеу тақырыбымыздың бағыт-бағдарына сәйкес салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы, тарихи-салыстырмалы, сипаттама т.б. әдістер пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Адам жер бетінде пайда болғалы бері басқа да тіршілік иелерімен біте қайнасып табиғатпен біртұтас тіршілік етіп келеді. Адамзат тарихының алғашқы кезеңдерінен-ақ құстар мен жануарлар айрықша маңызға ие болғанын Ласкодағы үңгір қабырғаларына қашалған суреттер дәлелдейді. Адамзат қоғамының қалыптасуындағы ежелгі тас дәуірінде адамдар мен

табиғаттың қатынасын бейнелейтін 2000-нан астам иллюстрацияның ішінде қарғаның адамзат мәдениетіне әсер еткені туралы айқын дәлелдерді табуға болады. Әл-Фараби жануарды бақылап, тәжірибеден өткізуде және сезімдік қабылдауды, ой қорытындысын қажет етпейтін тәсілдерді тізімдеуде «Адам – жануардың бір түрі» екенін айтады [3, 113-б.]. Олай болса «Адам-Табиғат» қарым-қатынасында құстардың орны ерекше. Жаратылысында құстармен ұқсастықтарымен қоса айырмашылықтары да бар адам кейінгі дәуірлерде қарғаның мәдениетіне, оның экологиясына және эволюциясына қатты әсер етті. Қарғалар мен адамдар серіктестігінің таңқаларлық тәсілдерін жіті зерттей отырып, Дж. Марзлуфф олардың өзара әрекеттесуін «мәдени коэволюция» үдерісін көрсететінін дәлелдеп, *адам-қарға* динамикалық күрделі қарым-қатынастың жаңа үлгісін ұсынады. Қарғаның 100-ден астам иллюстрациясы енген зерттеуде адамдардың тарих бойы қарғалардың өміріне әсері және керісінше қарғалардың адам өмірін өзгерткен маңызды жолдары егжей-тегжейлі қарастырылып, авторлар «қарғаны тану – өзімізді тану» деп мәлімдейді. Ғылымдағы мәдени релятивизмді қалыптастырушы Ф. Боас белсенді ғұмырында Транс-тынық мұхиты аймағындағы халықтардың мәдени байланысын дәлелдеп, антропология ғылымын жаңа кезеңге көтерді. Ол мұрындық болған атақты этнографиялық-лингвистикалық Джесуп Солтүстік-Тынық мұхиты экспедициясы Арктикалық Азияны Беринг бұғазы арқылы Солтүстік Американың солтүстік-батысындағы халықтардың «мифологиясы мен фольклорындағы параллельдердің көптеп кездесуін» де жинақтады. Бұл параллельдердің бір бөлігі қарғамен байланысы болды. Бұл экспедиция нәтижелері ғылымның дамуына үлкен үлес қосқаны белгілі.

Қарғаның жылтыр қара түсі, қаркылдайтын даусы, ерекше мінез-құлқы, ақылдылығы мен еліктегіш қасиеті оны тылсым күштер мен өліммен байланыстырды. Бұл – бір. Екінші жағынан, қарғаның батылдығы, оның айқын айлакерлігі және құстар арасындағы қорқынышты күш пен үстемдігі адамзаттың алғашқы кезеңінде-ақ қызығушылық оятып, дами келе әлем мәдениетінде ізін қалдырды. «Қарға» орнитониміне қатысты паремиологиялық дәстүр ежелгі киелі кітаптарда да кездеседі. Айталық, Сүлейменнің нақыл сөздерінде «Әкесін мазақ етіп, анасын менсінбеген Көзді қарғалар шоқыр аңғардағы әрі бүркіттің балапандары жеп қояр» деген жолдар кездеседі. Ал су басумен байланысты Нұх пайғамбармен байланысса, исламда қарға Алланың елшісі қызметінде көрінеді, Құранның бесінші «Мәида» сүресінің 31-і жолында: «Сонда Алла, оған туысының өлігін жасыруын көрсету үшін жіберген қарға жерді қаза бастағанда: «Әттең? Маған не болды? Туысының денесін көмген қарға құрлы бола алмадым ба?» деді де өкінушілерден болды». Дүние жүзіне кең таралған аңыздардың бірі жер бетін топан су басуы мен тіршілікті құтқаратын Нұх

пайғамбардың кемесі туралы аңыздарда да қарға образымен байланысты сюжеттер кездеседі. Бұл катаклизм туралы 1891 жылға дейінгі белгілі болған 80-нен астам аңыздардың 68-інің дереккөздері қасиетті кітаптармен байланысы жоқ, 13-і Азия, 4-і Еуропада, 5-і Африкада, 9-ы Австралия мен Океаниядан, 37-сі Жаңа Дүниеден, ал 16-сы Солтүстік, 5-уі Орталық, 14-і Оңтүстік Америка халықтарынан алынған. Осылардың ішінде Инжіл мен Вавилон нұсқаларында Нойдың құрғақ жер іздеуге қарғаны жіберетіні» туралы сюжеттерде қарға бейнесін жан-жақты қарастыруға болады. Қазақстан территориясындағы Қазығұрт тауымен байланысты аңыздар әлемдік зерттеулерге арқау болмағанмен, ел ішінде сақталған «Такуа Жайық хан мен әлемдік топан су қаптауы» туралы аңызда Нұқ пайғамбардың құрғақ жер іздеуге жіберілген қарғаның «өлексенің көзін шұқып отыруы» сияқты эпизоттардың кездеседі. Сонымен қатар көне қолжазбада мәтіндері көне Тибеттіктердің дүниетанымда найзағай, су тасқыны сияқты табиғи апаттардың және басқа да «бақытсыздықтардың белгілері мен жаңалықтарын жеткізуші» қарға болып табылады. Қарғаның өткір көздері мен табиғи дамыған инстинкті америкалық үндістердің аң аулауында қалыптасқан әдеттерінде әлі күнге дейін кездеседі. Шамандық танымда қарғаның қауырсындары шамандардың өздеріне ерекше «білім мен күш беретін» атрибуттық символдарында қолданылады. Көріп отырғанымыздай, қарға, біріншіден, Жаратушы мен адамды байланыстырушы күш, екінші жағынан, Жаратушының елшісі ретінде белгілер мен хабарларды таратушы, үшіншіден өліммен байланыстылығы, яғни өлексемен қоректенуі кез келген адамның көңіліне қорқыныш ұялататын құс ретінде қабылдауға болады. Еуропа тарихының орта ғасырлар кезеңінде қарғаны соғыс пен барлау мәселелеріне қатысты қолданылғаны белгілі.

Қазақ паремологиялық қорында құстарға қатысты мақалдардың ішінде қарға – ең белсенді қолданылатын орнитоним. Оның қанаттары арқылы аспанға ұшу қасиетіне адамзаттың қиялы ғана жететіндіктен мифологиялық ерекше таным-түсінікке ие болып, еркіндік символын қалыптастырды. Әлемнің табиғаттан тыс күштер әлеміне апаратын «Алланың елшісі» ретінде қарастырылды. Бұл делдалдық міндет адам тәжірибесінде құстарды тыс әлемнен ақпарат әкелетін «хабаршылар» деген танымға ие болды. Адам өлгеннен кейінгі сапарында да кездесетін құстар Мысырдан Сібірге, Солтүстік Еуропадан Солтүстік Америкаға дейінгі көптеген мифологияда дүниенің жаратылуымен байланыстырылған. Сонымен қатар құстардың символына олардың түстері мен өмір салты, сондай-ақ олардың жалпы болмысы (тұрқы) әсер етеді. Бұның жарқын мысалы – қарғалар. Олардың өлімді мензейтін қара түстері, бақытсыз деп есептелетін, тіпті шырылдаған дыбыстары, ақырында осы топқа жататын

өлекселер, қарғалар мен қарғаларға деген құштарлықтары теріс бейнелердің және жағымсыз бейнелердің тасымалдаушыларына айналды. Қарғаның айрықша белгілерін жете тани келе, түркі дүниетанымында олардың қара түстері бақытсыздық деп өлімді меңзесе, ас талғамай, тіпті өлексемен де қоректенуі қорқыныш тудырып, қарлығып шығатын қарқылдаған жағымсыз даусы жайсыз хабарды тасымалдаушыларға айналдырды. Бұлардың бәрі дүниетанымда бейнеленіп, белгілі бір тілдік құрылымдар арқылы берілді. Зерттеу барысында «Бабалар сөзі» жинағының 65, 67, 68, 69, 70-томдары мен Ә. Қайдардың зерттеулерінен, Ж. Кейкиннің жинақтарынан «*қарға*» орнитонимі тірек болған 100-тан астам мақал кездестірдік. Соның ішінде 64-і – қайталанбайтындар, ал қалғаны – грамматикалық ерекшеліктері барлары немесе синониммен ауыстырылып айтылатындары. Яғни Г. Л. Пермяковтың логикалық-семантикалық классификациясы бойынша бір топты құрайтындар. Ал қазақ тілінде «біздің қолға да қарға тышар» дегеннен бастап 11 тұрақты тіркес және жалпы сөздік қорда жасы кіші баланы *қарғам*, *қарғатайым*; ару қызды *қарғашым*; ғашықтық халық әндерінде *қарғам-ау*, *қарғаш-ау* т.б. сияқты қосымша семантикаға ие ондаған бірлік кездеседі. Ә. Қайдар ауа райының 12 түрлі күйі қарғамен байланысты екенін, қарғаның түріне қатысты 11 атауды және басқа да 17 түрлі ұғымды талдайды. Тіршілікте адамдар мен қарғалардың топтанып өмір сүру салты сәйкес келіп, алғашында қоғамның зор қызығушылығын тудырғаны сөзсіз. Өмірінің әр сәтін паремиологиялық қор арқылы бейнелейтін қазақ «қарға тамырлы қазақпыз» деп туыстық, жекжаттық, ағайындық ілік-шатысы мол, тамыр-таныстығы күшті ФЕ-гін қарғамен байланыстырды. Сонымен қатар кең мағынада барлық қазақ бір-біріне бауыр, туыс, түп-тамыры мен аталары бір екенін білдіреді. Көшпелі өмірдің басты кепілі шексіз даланың иесі өзі екенін сезіну болса, сол шегарасы көрінбейтін сар даланы ат үстінде жүріп атамекені етіп, жолшыбай ұшырасқан адаммен туысындай шұрқырасып табысуы немесе кездескен ауылға өз үйіндей еркінсіп түсуі, адамды жатсынбай «бауыр тұту» сол салттың бұлжымас заңына, бұзылмас әдет-ғұрпына айналған. Мұндай әдет-ғұрыпсыз «байтақ даланы игеріп, тіршілік құру мүмкін емес» болғандықтан «қазақтың қарға тамырлы туыстық сезімі ұлттың этномәдени тұтастығын ғана емес, этносаяси тұтастығын сақтауға себепші болуы» да терең дүниетанымды да қалыптастырды. Қазақ мәдениетіндегі қарғаға қатысты 100-ден астам тілдік бірлік прагматикалық тұрғыдан сан алуан жағдайларда қолданылады. Солардың ішінде адамның тандануы мен жек көруі сияқты аралас сезімдерін туғызатын әрі түрлі саяси жағдайда жиі қолданылатын халық арасында кеңінен танымал мақал – «қарға қарғаның көзін шұқымайды». Әртүрлі фонологиялық ерекшеліктермен туыс түркі тілдердің барлығында жуық кездеседі. Түрік мәдениетінде қарға

жақсылықты түсінбейтін адамның, өзімішлдіктің көрсеткіші ретінде алынған. Төрт сөзден тұратын жай сөйлемді мақалды екі жақты түсіндіруге болады: біріншісі – азғын адамдар тез ортақ тіл табысады және әрқашан ортақ мүддені сақтауда өзара келісе алады; екінші мағынасы – қоғамда әлеуметтік мәртебесі бойынша өз ұстанымын ұстанатын адамдар бір-бірімен ұрыспайды, бірақ бейтаныс адамға қарсы бірігетінін білдіреді. Дегенмен мақал достық қарым-қатынасқа қатысты қолданылмайды. Моңғолдарда қарғаға қатысты таным ерекше. Оның бірі «қарға жаңа туған балалардың көзін жұлып алады» деген түсініктің болуы және бұл дерек фольклорлық шығармаларда орын алады. Зерттеушілер оны Тибет дереккөздерімен байланыстырады. Сол сияқты көптеген халықтардың фольклорында жәбірленушінің «көзін қарғамен жұлу» мотиві ерекше назар аудартады. Бір қызығы, хакастардың дүниетанымындағы *қарға* мен *көз* лексемаларының семантикалық байланысы адамның кейбір жағымсыз қасиеттерін сипаттауға ауысады. Мәселен, ашкөз, өзіндік ұстанымы жоқ адамдар туралы «хухун харах» – «қарға көзі» делінеді. Хакастар мен алтайлықтар арасында кең тараған мифтерге сәйкес, қарға көзді жеуге тәуелділігіне байланысты демиургтың адамдарға олардың жанын жеткізу тапсырмасын орындай алмады, кінәсіздігі үшін жаза ретінде Құдай оған қара түс береді. Айта кету керек, медиатор қарғаның өлексенің көзін жеуі паремияларға арқау болуы кездейсоқ емес. Әлемдік философия мен мәдениетте көз және оның көру қабілеті барлық тіршілік иелерінің ажырамас бөлшегі ретінде қабылданған. Мифтерде жаңа өмірге қайта оралу, көбінесе, көздің ашылуымен байланысты сипатталады. Соқырлық ақырет өмірінің белгісі ретінде қарастырылады. Зағип адам бұл дүниеден бөтен әлемнің мәңгілік қараңғылығына батып кеткендей болды. Хакас дүниетанымында көз – өмірдің, жарықтың, оттың символы. Ол «харах ода» «көз оты» метафорасында көрініс тапса, қазақ дүниетанымында көз – өмірдің, жарық күннің символы. Мысалы, *көзін ашты; көз жұмды, көз тірісінде* т.б. Діни-мифологиялық қабылдауда қарғаның көзді шоқып, жеуі тіршілік иесін басқа әлемге апарумен байланысты болуы да мүмкін. Бұл жағдайда қарға басқа әлемге жол көрсетуші ретінде ғана емес, көбінесе ол өлімнің өзін де бейнелей алады. Жоғарыда айтылғандай, хакастар мен басқа Сібір түрікмендері қара қарғаны ажалдың хабаршысы деп түсініп, ауылда және сол үйдің үстінде көп айналса, жақын арада адам қайтыс болады деп түсінген. Қарғамен байланысты наным-сенімдерді әлем халықтарынан кездестіруге болады. Бұл Г. Л. Пермяковтың зерттеулерінде ең жиі кездесетін паремиялогиялық минимум қатарын құрайды және логикалық-семантикалық классификацияда «бір-біріне ықыласты екі нәрселер» типіндегі «бір-біріне жақындар үнемі бірге болуға талпынатын бөлімінде қарастырылып, дүниетанымы бөлек тілдерде қарғаның орнына «сұңқар, сауысқан сияқты

құстар алмастыра алатынын» келтірген. Талданып отырған паремия тек осы модельге ғана емес, «қарға қарғаны жақсы көреді» сияқты ұғымдармен байланыстылығын, ал «Достық-тағдыр» кіші тобында «әртүрлі нәрселер, соның ішінде қарама-қарсы, бір-біріне жақын және үнемі бірге болуға ұмтылады; олардың біреуінің болуы екіншісінің болуы мүмкін» ұстанымы бойынша да топтастыруға болатынын айтады. Жалпы, мақал-мәтелдің жұмсалымы, оның локика-семантикалық кеңеюі және генетикалық әртүрлі паремиологиялық бірліктердің лексика-грамматикалық формаларының кездейсоқ қабаттасуы арасындағы айырмашылық өте күрделі этимологиялық мәселе екені анық. Сондықтан паремияларды классификациялауда осындай ерекшеліктер кездесіп отыруы да заңды. Арнайы зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, туыс емес тілдердегі ұқсастықтардың негізгі «тілдік және фольклорлық функцияларының жалпылығында» жатса, ал белгілі бір тілдік белгілер арасындағы ұқсас қатынастар типтік өмірлік жағдайларының ауызша үлгілері болып табылады.

Орыс тілінің паремиографиясында аталған мақалдың 15 дереккөзде кездесетіні келтіріледі. Зерттеуші Е. Е. Жигарина «мақалдардың дамуы мен варианттылығы» туралы зерттеуіндегі нұсқаларды салыстыра келе, 6 нұсқасының қайталанбайтынына көз жеткіздік: *В своем гнезде и ворона кориуну глаза выклюет; Ворон ворону глаз не выклюет, а хотя выклюет – не вытащит; Если ворон выклевал глаз ворону, в семье не без урода.* Сонымен қатар аталған мақал орыс тілінде XVII ғасырдағы жазба ескерткіштер сақаталған. Сонымен, аталған мақалдың түпнұсқасын латын тілінен транскрипцияланса «*корникс корници нунквам конфодит окулумы*» болады. Салыстыра келе, мақалдың латын тілі нұсқасында жалғасы болмағанын түсінуге болады. Фольклортанушы В. И. Дальдің сөздігінде зерттеп отырған мақалдың «Бүрге бүргені жемейді» деген синонимдік қатары кездеседі. Бұл мақалдың еуропа тілдеріндегі жұмсалымын былайша келтіруге болады:

Орыс тілінде: *Ворон ворону глаз не выклюет*

Неміс тілінде: *Ein Rabe hackt dem anderen kein Auge aus. Eine Krähe hackt der anderen kein Auge aus*

Көптеген Еуропа халықтарының мәдени қабылдауында лашын мен қарға соғыс, өлім, бас тарту, жоғалту, зұлымдық пен бақытсыздықтың символы іспеттес келеді. Мәселен, неміс тіліндегі «Raben, wird er dir die Augen ausgraben» мақалының мәні тіліміздегі «қарға өзінді өсіресің, ол

сенің көзінді өшіреді» деген мақалдың мағынасын танытады. Бұларды латын тіліндегі нұсқасымен салыстыра отырып, мақалдың латын тілі нұсқасында жалғасы болмағанын түсінуге болады. Деректерді байланыстыра отырып, мақалдың «толық нұсқасы бұрмаланған» деген қорытынды жасауға болады. Д. Г. Мальцева атап өткендей, «жануарлардың мінез-құлқының ерекшеліктері бастапқы бейнелер, идеялар және ауызша өрнектің жақын формаларын анықтайды, алайда мәдени-тілдік мәнмәтінге байланысты символды қабылдау ерекшеліктері әртүрлі болуы мүмкін.

Аталған мақалдың орыс, еуропа тілдерінде де кездесуі түркі және славян халықтары шығармашылығының символизміндегі семантикалық байланыстардың, типологиялық ұқсастықтардың болуын көрсетеді. Аталған тілдерде мақалдың жоғарыда талданғандай екі түсініктемесі бар: біріншісі – азғын адамдар ортақ тілді оңай табады және әрқашан ортақ мүддені сақтауда келісе алатыны, екіншісі – қоғамда әлеуметтік мәртебесі бойынша бір ұстанымдағы адамдар бір-бірімен ұрыспайды, бірақ бейтаныс адамға қарсы бірігеді. Жалпы «хайуанаттардың қылығын айту арқылы адам мінезіне ишара, тұспал жасау соншалықты әсерлі де мәнді» болғандықтан, бұл мақал әртүрлі мәдениетте ауызша дәстүрде қолданылған. Тілдің ауызша эволюциясында дамығандықтан, тарихи мәтіндердегі алғашқы қолданысына нақты сілтемелерді табу қиын болуы мүмкін. Алайда мақалдарды талдау, зерттеп, зерделеуді, соның ішінде «Қарғаның көзін қарға шұқымайды» паремиялогиясын лингвистика, фольклортану және мәдениеттану саласында сараптау әртүрлі мәдениетке жататын мақал-мәтелдерді талдау, салыстыру және түсіндіру үшін зерттеушілердің назар ерекше аудартады. Белгілі бір мәтіндегі мақал-мәтелдердің дамуы, синонимдік қабаттарының пайда болуы, құрамының кеңеюі немесе тарылуы сияқты сан алуан процестердің себептері де әр қилы. Олар мақал-мәтелдердің эстетикалық және мәдени қасиеттерімен де, лингвистикалық шығармашылықты «қоздыратын» әлеуметтік жағдайлармен де анықталады. Сонымен ұлттық паремиялық қордың жандануы оның қоғамдағы дағдарыстарды бейнелеуімен тікелей байланысты болып шығады.

Сонымен, «қарға» орнотонимін бақылау барысында оларға қуатты тұмсық пен тырнақ өз түрлерін өлтіру үшін емес, «олжа іздеу үшін қажет» екендігі байқалады. Жыртқыштарда өліммен аяқталатын олжа үшін жекпе-жек сирек кездесетін ерекшелік болып табылады. Жекпе-жектің әдеттегі нәтижесі әлсіз қарсыласын бағындырады. Бұл – құстардың санын реттеу үшін қолданылатын табиғаттың қорғаныс механизмі. Қарғаларда ол былайша көрініс табады: жеңілген жеңімпазға бастың жоғары жағын беріп, өзі артқы жағына ауысады. Бұл құстарға деген сенімнің ең жоғары түрі болып

табылады. Осыдан «қарға қарғаның көзін шоқымайды» деген мақалдың мағынасы шығады.

Қорытынды

Халық шығармашылығында қолданылып, өңделіп, дамытылып, сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан халқымыздың мәдени мұрасының алтын мәйегі – мақал-мәтелдер бүкіл адамзаттың рухани мұрасымен ұштасады. Мақалдар қазақ халқының «асқан ақындық дарынының, оның сарқылмас даналығының айқын айғағы». «Қарға қарғаның көзін шұқымайды» мақалының тек түркілерде ғана емес, орыс, еуропа тілдерінде де кездесуін мәдениеттер тоғысындағы көптеген туыс/туыс емес халықтардың ататілдік (ностратикалық) негізінің ортақтығын таныта түсетіндей.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Қайдар, Ә.** Халық даналығы. – Алматы : Тоғанай Т, 2004. – 559 б.
- 2 Қазақтың мақал-мәтелдері / құраст. Ә. Тұрманжанов. – Алматы : Білім, 2004. – 272 б.
- 3 Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. – Алма-Ата : Наука, 1987. – 496 с.
- 4 **Шайхуллин, Т. А.** Отражение арабского мировоззрения в пословицах и поговорках // Вестник Вятского государственного университета. – 2011. – Б. 79–82.
- 5 Сөз атасы: Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер / құраст. Ә. Құрышжанов. – Алматы : Жазушы, 1987. – 208 б.
- 6 **Кенжебаев, Б.** Білімпаз қайраткер. Дайындаған профессор Құлбек Ергөбек / Төреқұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. 3-том. – Алматы : «Ел-шежіре» ҚҚК, 2007. – 288 б.
- 7 **Жұмағұл, С. Б., Қамзабекұлы, Д., Кеменгер, Қ. Р., Сағынадин, Г. С.** Қазақ мақал-мәтелдерінің алаш кезеңінде жариялануы (Ахмет Баржақсыұлы еңбегі негізінде) // Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – № 4(141). – 2022. – Б. 160–164.
- 8 **Мокиенко, В. М.** Современная паремология (лингвистические аспекты) // Мир русского слова. – 2010. – №3. – С. 6–21.
- 9 **Mieder, W.** International Proverb Scholarship : An Annotated Bibliography. Supplement I (1800–1981). – New York & London : Garland, 1990 (3000 entries).
- 10 **Mieder, W.** International Proverb Scholarship : An Annotated Bibliography. Supplement II (1982–1991). – New York & London : Garland, 1993 (more than 1500 additional items).

11 **Mieder, W.** International Proverb Scholarship: An Annotated Bibliography. Supplement III (1990–2000). – New York; Bern; Berlin; Bruxelles; Frankfurt/M.; Oxford-Wien, 2001.

References

1 **Kaidar, A.** Halyk danalyghy [Folk wisdom]. – Almaty : T. Toganay, 2004 – 559 P.

2 Kazaktyn makal-mateldery [Kazakh proverbs] / Comp. O. Turmanzhanov. – Almaty : Education, 2004. – 272 p.

3 Al-Farabi. Yestestvenno-nauchnyye traktaty [Historical and scientific treatises]. – Alma-Ata : Nauka, 1987. – 496 p.

4 **Shaikhullin, T. A.** Otrazheniye arabskogo mirovozzreniya v poslovitsah i pogovorkah [Reflection of the Arab worldview in proverbs and sayings] // Vestnik of the Vyatsk State University. – 2011. – P. 79–82.

5 Soz atasy : Makal-matelder men kanatty sozder [Grandfather of the word: Proverbs and catchphrases] / Comp. A. Kuryshzhanov. – Almaty : Writer, 1987. – 208 p.

6 **Kenzhebaev, B.** Bilimpaz kayratker [Intelligent person]. Prepared by professor Kulbek Ergobek / Torekulov N. Many-volumes collection of works. Volume 3. – Almaty : «El-shezhire 0187 KKK, 2007. – 288 p.

7 **Zhumagul, S. B., Kamzabekuly, D., Kemenger, K. R., Sagynadin, G. S.** Kazak makal-matelderinin alash kezeninde zhariyalanuy (Akhmet Barzhaksyuly yenbegi negizinde) [Publication of Kazakh proverbs during Alash times (on the basis of Akhmet Barzhaksyuly's works)] / L. N. Gumilev atyndagi YEU Khabarshysy. The philology of the series. № 4(141), 2022. – P. 160–164.

8 **Mokienko, V. M.** Sovremennaya paremiologiya (lingvisticheskiye aspekty) [Modern paremiology (linguistic aspects)] // The World of the Russian word. 2010. No. 3. – P. 6–21.

9 **Mieder, W.** International Proverb Scholarship: An Annotated Bibliography. Supplement I (1800–1981). – New York & London : Garland, 1990 (3000 entries).

10 **Mieder, W.** International Proverb Scholarship: An Annotated Bibliography. Supplement II (1982–1991). – New York & London : Garland, 1993 (more than 1500 additional items).

11 **Mieder, W.** International Proverb Scholarship : An Annotated Bibliography. Supplement III (1990–2000). – New York; Bern; Berlin; Bruxelles; Frankfurt/M.; Oxford-Wien, 2001.

06.02.23 ж. баспаға түсті.

09.01.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*У. К. Исабекова¹, Г. К. Шахажанова¹, Ж. М. Коныратбаева²,

А. Х. Еримбетова³, А. С. Куанышев¹

¹Казахский национальный исследовательский
технический университет имени К. И. Сатпаева,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Евразийский национальный
университет имени Л.Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана;

³Университет Гази,
Турецкая Республика, г. Анкара.
Поступило в редакцию 06.02.23.

Поступило с исправлениями 09.01.24.

Принято в печать 25.02.24.

ТРАНСФОРМАЦИЯ ПАРЕМИОЛОГИЧЕСКОГО ФОНДА: КАЗАХСКИЕ ПОСЛОВИЦЫ И МИРОВАЯ КУЛЬТУРА

Статья посвящена комплексному тюркологическому направлению и междисциплинарному изучению развития тюркского паремиологического фонда. В тюркских языках, в том числе в кыпчакской группе, в качестве концепта рассматривается использование орнитонима «ворон» в древнетюркских и среднетюркских письменных памятниках, природа которых еще не до конца раскрыта. Природа пословицы о вороне, смысловая классификация которой лежала в основе паремий, связывается с казахским мировоззрением и анализируется в рамках традиций просвещения. Одним из приоритетных направлений межъязыкового сопоставления и историко-этимологического анализа мировых, в том числе тюркских пословиц и поговорок, лингвистического исследования и лексикографо-графического толкования пословиц является их межъязыковое сопоставление и поиск первоисточника. Несмотря на все важные исследования, фундаментальных исследований сравнительного и историко-этимологического анализа тюркских пословиц не проводилось. Эта проблема встречается в трудах, изучавших славянские пословицы. Анализируются знаковое значение и функциональные аспекты данного явления. Мифико-ритуальный комплекс казахов исследуется на стыке мировой культуры. Цель статьи – охарактеризовать связь казахских пословиц с культурой мира путем анализа трансформации пословицы о вороне в паремиологическом фонде.

Ключевые слова: паремиологический фонд, комплексная тюркология, фольклор, фразеологическая единица, пословица, когнитивная семантика, орнитоним «ворон».

*U. K. Isabekova¹, G. K. Shakhazhanova¹, Zh. M. Konyratbayeva²,
A. Kh. Erimbetova³, A. S. Kuanyshyev¹

¹K. I. Satpayev Kazakh National
Research Technical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;
²L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana;

³Gazi University,
Republic of Turkey, Ankara.

Received 06.02.23.

Received in revised form 09.01.24.

Accepted for publication 25.02.24.

TRANSFORMATION OF THE PAREMIOLOGICAL FOUNDATION: KAZAKH PROVERBS AND WORLD CULTURE

The article is devoted to the complex Turkological direction and interdisciplinary study of the development of the Turkic paremiological fund. In the Turkic languages, including the Kypchak group, the use of the ornithonym «raven» as a concept is considered in the Old Turkic and Middle Turkic written monuments, the nature of which is not yet fully revealed. One of the priority directions of interlanguage comparison and historical and etymological analysis of world proverbs, including Turkic proverbs and sayings, linguistic research and lexicographic and graphic interpretation of proverbs is their interlanguage comparison and search for the primary source. Despite all the somewhat important research, no fundamental research, comparative and historical-etymological analysis of Turkic proverbs has been conducted. This problem is found in the works that studied Slavic proverbs. The nature of the raven proverb, the semantic classification of which was the basis of the paremi, is connected with the Kazakh worldview and analyzed within the framework of the Enlightenment traditions. The iconic meaning and functional aspects of this phenomenon are analyzed. Mythical and ritual complex of Kazakhs is investigated at the junction of world culture. The aim of the article: to characterize the connection of Kazakh proverbs with the culture of the world by analyzing the transformation of the raven proverb in the paremiological fund.

Keywords: paremiological fund, complex Turkology, folklore, phraseological unit, proverb, cognitive semantics, ornithonym «raven».

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz